

Жоғарыда абсорберден шыққан газ скрубберге хлорлы сутекті бөлуге түседі де одан соң сілтіні нейтралдауға және күкірт қышқылымен кептіріліп соңғы өніммен орын алмасады. Реакция өнімінің ерітіндісі абсорберден бу колоннасына жіберіледі де төбесіне хлорлы сутек және төмен қайнайтын реакция өнімдері апарылады. Хлорлы сутек скрубберде арнайы ұсталады, ал қалған газ сілтімен нейтрализациядан және кептіруден кейін екі колоннаға дәйекті түрде хлорлы метил мен метиленді айдау үшін түседі. Одан соң реакция өнімдері екі реактификациялық колоннаға хлорлы метиленді бөлуге түседі де сөйтіп соңғы өнім төртхлорлы көміртек алынады.